

"Түркі академиясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 1369 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 939 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 939 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті «Түркі академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне б е р с і н .

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2010 ж ы л ғ ы 15 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1369 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қ а у л ы с ы н д а :

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі» деген бөлімде:

реттік нөмірі 222-33-6-жол алынып тасталсын;
«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті
» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 222-39-1-жолмен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«222-39-1 «Түркі академиясы» КЕАҚ.

2. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері»
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111
қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 40, 522-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

«3. Акционерлік қоғамдар» деген бөлімде:
реттік нөмірі 9-жол алынып тасталсын.

3. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір
мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21
шілдедегі № 700 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., №
2 7 , 2 9 0 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі Ғылым комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Акционерлік қоғамдар» деген 3-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 22
- ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

« 2 2 . Т ү р к і а к а д е м и я с ы » .

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 340 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.